

«Сентрас Секьюритиз» АҚ Директорлар Кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ
«23» ақпан 2021 жылғы №н/ж хаттама.
Өзгерістерді ескере отырып:
*2022 жылғы 4 қазан, 2023 жылғы 22 маусым,
2023 жылғы 1 шілде, 2026 жылғы 12 қаңтар,
2026 жылғы 20 сәуір*

Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі инвестициялық декларация

1-тарау. Жалпы ережелер

1.1-тармақ. Инвестициялық декларация «Сентрас Секьюритиз» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен өзгертілді (2023 жылғы 01 шілдедегі №б/н хаттама)

1.1. Осы зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі инвестициялық декларация (бұдан әрі – ИД) Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі №224-VII әлеуметтік кодексінде, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-II "бағалы қағаздар нарығы туралы" Заңында, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес жасалды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 03 ақпандағы № 10 Қаулысымен (бұдан әрі – №10 Ереже), Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 62 қаулысымен (бұдан әрі – №62 Ереже), Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 43 қаулысымен (бұдан әрі – №43 Ереже), Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерімен (бұдан әрі - ҚР) бекітілген сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтерін басқару жөніндегі қызметті; басқарушы компанияның ішкі құжаттарын реттейді.

1.2. ИД инвестициялау объектілерінің тізбесін, сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтеріне қатысты инвестициялық қызмет мақсатын, стратегиясын, шарттары мен шектеулерді, СБ берілген және қабылданған зейнетақы активтерін (әрі қарай – ЗА) хеджирлеу және әртараптандыру шарттарын айқындайды.

1.3. ИД-ға өзгерістер мен толықтырулар Заңдар мен нормативтік-құқықтық актілерге (әрі қарай – НҚА) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, сондай-ақ тараптардың бастамасы және келісімі бойынша енгізіле алады.

1.4. НҚА-ға енгізілген өзгерістер салдарынан ИД-ның бір немесе бірнеше ережесінің жарамсыз болып қалуы оның қалған ережелерінің жарамсыздығына әкеп соқтырмайды. Бұл ретте, ИД-ның НҚА-ға қайшы келетін ережелері жарамсыз деп саналады. Басқарушы компания ИД-ға өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін ИД-да айтылған, күші жойылған актілердің орнына қабылданған заңнаманың нормаларын басшылыққа алады.

1.5. Басқарушы компанияның толық атауы – «Сентрас Секьюритиз» Акционерлік қоғамы. Басқарушы компанияның инвестициялық портфельді басқару (әрі қарай - ИПБ) жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы – келесідей қызмет түрін қамтитын бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға берілген лицензия: ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз ИПБ жөніндегі қызмет, ҚР Ұлттық Банкі 2014 жылдың 13 маусымында берген № 0403200223.

2-тарау. ЗА инвестициялаудың мақсаттары мен стратегиялары

2.1. ЗА инвестициялаудың мақсаты СБ-ға қабылданған зейнетақы жинақтарының сақталуы мен сатып алу қабілетін қамтамасыз ету және СБ-ға берілген және қабылданған зейнетақы жинақтарының салымшылары (алушылары) мүддесінде инвестициялық табыс алу болып табылады. ЗА инвестициялау зейнетақы жинақтары салымшыларының (алушыларының) мүддесінде жүзеге асырылады.

2.2. ЗА инвестициялау стратегиясы құнның өсуінен, дивидендтер мен пайыздық кірістен табыс алу және оларды қайта инвестициялау жолымен ұзақ мерзімді перспективада табыстылыққа қол жеткізуге бағытталған. Басқарушы компанияның көзқарасы тұрғысынан алғанда, тәуекел мен табыстылықтың қолайлы үйлесіміне активтердің әртүрлі кластарын, географиялық, валюталық және

салалық әртараптандыруды қолдану есебінен қол жеткізіледі. Басқарушы компания тәуекелдерді басқарудың тәжірибемен дәлелденген жүйесін пайдаланады.

2.3. Инвестициялық стратегия ҚР мен дүниежүзіндегі макроэкономикалық жағдайға, экономикалық циклдың фазасына, қор нарықтарындағы жағдайға арқа сүйейді. Активтердің елеулі үлесі халықаралық нарықтарда ел тәуекелдерін төмендету үшін айналыста жүрген құралдарға жіберілетін болады. Портфельдің теңгелік бөлігі мемлекеттік бағалы қағаздарға (әр қарай – МБК), мемлекеттік сыңайлы БҚ, корпоративтік облигацияларға, сондай-ақ ақша нарығының құралдарына (репо операциялары және депозиттер) инвестицияланатын болады. Портфельдің валюталық бөлігі үлестік құралдарға – индекстік қорларға, акциялар мен акцияларға берілген депозитарлық қолхаттарға, әртүрлі валюталармен берілген облигацияларға, индекстік облигация қорларына және баламалы құралдарға инвестицияланатын болады. ИД макроэкономикалық жағдай мен басқарушы компанияның өзекті тәжірибесіне сүйене отырып, активтер кластарына лимиттер белгілейді.

2.4-тармақ. Инвестициялық декларация «Сентрас Секьюритиз» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен өзгертілді (2026 жылғы 12 қаңтардағы №н/ж хаттама)

2.4. Инвестициялық портфельді қалыптастыру өлшемі: Инвестициялық портфель зейнетақы төлемдерінің мерзіміне қарамастан, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс беруші аударған міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын жүзеге асырған жеке тұлғаларға тиесілі инвестициялық портфельден тұрады және 12 (он екі) ай қорытындысы бойынша есептелетін ең төменгі кірістілік мәніне ие.

2.5-тармақ. Инвестициялық декларация «Сентрас Секьюритиз» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен енгізілді (2026 жылғы 12 қаңтардағы №н/ж хаттама)

2.5. Инвестициялау стратегиясы композиттік индекстің негізінде әзірленді, оның параметрлері осы ИД-ның 2.4-тармағына және Қағидаларға сәйкес айқындалады.

3-тарау. Инвестициялау объектілерінің тізбесі, инвестициялау лимиттері, мәмілелер түрлері, шарттары және шектеулер

3.1. СБ-ға берілген және қабылданған ЗА, уәкілетті органның НҚА-мен бекітілген СБ-ға берілген және қабылданған ЗА есебінен сатып алуға рұқсат етілген инвестициялау объектілерінің тізбесіне сәйкес ИД-мен айқындалған қаржы құралдарына (әрі қарай – ҚҚ) инвестицияланады.

3.2. СБ-ға берілген және қабылданған ЗА инвестируются в соответствии с требованиями, СБ-ға берілген және қабылданған ЗА НҚА-мен айқындалатын талаптарға сәйкес инвестицияланады. ЗА құрамына ЗА құрамына сатып алуға тыйым салынбаған және ҚР заңнамасымен, НҚА және уәкілетті орган Басқармасының Қаулысымен (әр қарай - Қаулы) айқындалатын барлық ҚҚ кіре алады;

1-кесте. Ең жоғарғы тиісті инвестициялау лимиттері бар инвестициялау объектілерінің тізбесі

№	Инвестициялау объектілерінің атауы	Лимиттер (процент)
1	Ұлттық валютадағы ақша қаражаты – теңге (KZT)	100
2	Қаулыға сәйкес басқа елдердің шетел валютасы	40
3	ҚР Қаржы министрлігі және ҚР Ұлттық Банкі шығарған Мемлекеттік бағалы қағаздар (оның ішінде шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланған), сондай-ақ ҚР Үкіметінің кепілдігімен және (немесе) кепілгерлігімен шығарылған БҚ	100
4	ҚР жергілікті атқарушы органдары шығарған борышқорлық БҚ	50
5	Акцияларының жүз пайызы ҚР Ұлттық Банкіне тиесілі болатын заңды тұлға шығарған борышқорлық БҚ	100
6	ҚР және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес "Қазақстанның Даму Банкі", "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры", "Бәйтерек "Ұлттық басқарушы холдингі", "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамдары шығарған борышқорлық БҚ	70
7	Қаулыға сәйкес ҚР екінші деңгейлі банктеріндегі салымдар	100
8	Қаулыға сәйкес резидент емес-банктердегі салымдар	30
9*	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB+»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған	50

	<p>ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар мынадай халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар:</p> <p>Азия Даму Банкі (the Asian Development Bank);</p> <p>Америкааралық даму банкі (the Inter-American Development Bank);</p> <p>Африка Даму Банкі (the African Development Bank);</p> <p>Еуропалық қайта құру және даму банкі (the European Bank for Reconstruction and Development);</p> <p>Еуропалық инвестициялық банк (the European Investment Bank);</p> <p>Еуропалық Кеңестің Даму Банкі (the Council of Europe Development Bank);</p> <p>Жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам корпорациясы (the Islamic corporation for the Development of the Private Sector);</p> <p>Ислам Даму Банкі (the Islamic Development Bank);</p> <p>Көпжақты Инвестициялар кепілдігі агенттігі (the Multilateral Investment Guarantee Agency);</p> <p>Скандинавиялық инвестициялық банк (the Nordic Investment Bank);</p> <p>Халықаралық валюта қоры (the International Monetary Fund);</p> <p>Халықаралық даму қауымдастығы (the International Development Association);</p> <p>Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық (International Center for Settlement of Investment Disputes);</p> <p>Халықаралық қайта құру және даму банкі (the International Bank for Reconstruction and Development);</p> <p>Халықаралық қаржы корпорациясы (the International Finance Corporation);</p> <p>сондай-ақ жарғылық капиталындағы Қазақстан Республикасының үлесі 25%-дан кем емес халықаралық қаржы ұйымы шығарған бағалы қағаздар</p>	
10	Қаулыға сәйкес шет мемлекеттердің үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар БҚ	50
11	<p>Шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес БҚ:</p> <p>-Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша кемінде "BB" рейтингтік бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) не Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетелдік эмитенттердің акциялары;</p> <p>-негізгі қор индекстерінің құрамына кіретін шетелдік эмитенттердің акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар;</p> <p>-Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша кемінде "BB" рейтингтік бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) не Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар борышқорлық БҚ.</p>	40
12	Қаулыға сәйкес, ҚР ұйымдары ҚР және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарған мемлекеттік емес БҚ	100
13	Қаулыға сәйкес Exchange Traded Funds (Эксчейндж Трэдэд Фандс), Exchange, Traded Commodities (Эксчейндж Трэдэд Коммодитис), Exchange Traded Notes (Эксчейндж Трэдэд Ноутс) үлестері	50
14	Олардың басқарушы компаниясы ҚР заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын, Қаулыға сәйкес қор биржасының ресми тізіміне енгізілген аралық инвестициялық үлес қорларының үлестері	50
15	Қаулыға сәйкес тазартылған қымбат металдар	30
16	Қаулыға сәйкес хеджирлеу мақсатында жасалған туынды қаржы құралдары	30
17	Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес шағын немесе орта кәсіпкерлікке жатқызылған субъектілер шығарған, қор биржасының ресми тізімінің «Негізгі» не «Баламалы» алаңының «борыштық бағалы қағаздар» секторына енгізілген және сомасы мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздардың номиналды құнының кемінде 50 (елу) пайызын өтейтін «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының және (немесе) «Қазақстанның Даму банкі» акционерлік қоғамының кепілдігі бар аталған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар	3
18	MSCI ACWI Index (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Олл Кантри Ворлд	40

	Индекс) талаптарына сәйкес келетін және MSCI ACWI Index құрамына кіретін акциялар	
19	Bloomberg Global-Aggregate Index (Блумберг Глобал-Агригейт Индекс) талаптарына сәйкес келетін және Bloomberg Global-Aggregate Index құрамына кіретін, Moody's, S&P және Fitch рейтингтік шкаласы бойынша Ваа3/BBB-/BBB- деңгейінен төмен емес рейтингі бар борыштық бағалы қағаздар	40
20	Активтер құрылымы MSCI ACWI Index немесе Bloomberg Global-Aggregate Index компоненттерінің құрылымын қайталайтын немесе пайлардың бағасы аталған индекстердің компоненттеріне байланған Exchange Traded Funds (Эксчейндж Трэйдэд Фандс) пайлары	40

Инвестициялық декларацияның 1-кестесінің 2-жолы АО «Сентрас Секьюритиз» Директорлар кеңесінің шешімімен (2026 жылғы 12 қаңтардағы №б/н хаттама) өзгертілді.

Инвестициялық декларацияның 1-кестесінің 9-жолы «Сентрас Секьюритиз» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен өзгертілді (04 қазан 2022 жылғы нөмірі жоқ хаттама)

Инвестициялық декларацияның 1-кестесінің 11-жолы «Сентрас Секьюритиз» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен өзгертілді (22 маусымдағы 2023 жылғы нөмірі жоқ хаттама)

Инвестициялық декларацияның 1-кестесінің 17-жолы «Сентрас Секьюритиз» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен қосылды (2023 жылғы 22 маусымдағы №б/н хаттама)

Инвестициялық декларацияның 1-кестесінің 17-жолы «Сентрас Секьюритиз» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен қосылды (2023 жылғы 01 шілдедегі №б/н хаттама)

Инвестициялық декларацияның 1-кестесінің 18, 19 және 20-жолдары АО «Сентрас Секьюритиз» Директорлар кеңесінің шешімімен (2026 жылғы 12 қаңтардағы №б/н хаттама) қосылды.

Ескерту АО «Сентрас Секьюритиз» Директорлар кеңесінің шешімімен (2026 жылғы 12 қаңтардағы №б/н хаттама) енгізілді.

Инвестициялық декларацияның 1-кестесінің 2, 11, 18, 19 және 20-жолдары АО «Сентрас Секьюритиз» Директорлар кеңесінің шешімімен (2026 жылғы 20 сәуірдегі №б/н хаттама) қосылды.

Ескерту:

1) осы Тізімнің мақсаттары үшін негізгі қор индекстері деп келесі есептік көрсеткіштер (индекстер) түсініледі:

Bloomberg Global-Aggregate Index (Блумберг Глобал-Агригейт Индекс);

CAC 40 (Compagnie des Agents de Change 40 Index) (Компани дэ Эжон дэ Шанж 40 Андэкс);

CSI 300 (Shanghai Shenzhen CSI 300 Index) (Шанхай Шенжен Си Эс Ай 300 Индекс);

DAX (Deutscher Aktienindex) (Дойтче Акциениндекс);

DJA (Dow Jones Industrial Average) (Доу Джонс Индастриал Эвередж);

FTSE 100 (Financial Times Stock Exchange 100 Index) (Файнэншл Таймс Сток Эксчейндж 100 Индекс);

HSI (Hang Seng Index) (Ханг Сенг Индекс);

KASE (Kazakhstan Stock Exchange Index) (Қазақстан Сток Эксчейндж Индекс);

KOSPI 200 (Korea Exchange KOSPI 200 Index) (Корея Эксчейндж Кэй Оу Эс Пи Ай 200 Индекс);

MSCI ACWI Index (Morgan Stanley Capital International All Country World Index) (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Олл Кантри Ворлд Индекс);

MSCI World Index (Morgan Stanley Capital International World Index) (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Ворлд Индекс);

MOEX Russia (Moscow Exchange Russia Index) (Москоу Эксчейндж Раша Индекс);

NASDAQ-100 (Nasdaq-100 Index) (Насдак-100 Индекс);

NIKKEI 225 (Nikkei-225 Stock Average Index) (Никкэй-225 Сток Эвередж Индекс);

Russell 1000 (The Russell 1000 Index) (Зэ Рассэл 1000 Индекс);

RTSI (Russian Trade System Index) (Рашен Трейд Систем Индекс);

S&P 500 (Standard and Poor's 500 Index) (Стандард энд Пурс 500 Индекс);

STOXX Europe Large 200 (The STOXX Europe Large 200 Index) (Зэ Эс Ти Оу Экс Экс Юроп Лардж 200 Индекс);

TOPIX 100 (Tokyo Stock Price 100 Index) (Токио Сток Прайс 100 Индекс).

3.3-тармақ. Инвестициялық декларация «Сентрас Секьюритиз» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен өзгертілді (2026 жылғы 12 қаңтардағы, 2026 жылғы 20 сәуірдегі №н/ж хаттама)

3.3. ЗА деректерін есепке алу мен сақтауды жүзеге асыратын кастодианның банк шоттарындағы шетел валютасы түріндегі қалдықтарды қоса алғанда, шетел валютасында номинирленген ҚҚ-ға ЗА есебінен инвестициялардың жиынтық мөлшері СБ-ға берілген және қабылданған ЗА құнының **40 (қырық) пайызынан** кем болады.

3.4-тармақ. Инвестициялық декларация «Сентрас Секьюритиз» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен өзгертілді (2023 жылғы 22 маусымдағы, 2026 жылғы 12 қаңтардағы №н/ж хаттама)

3.4. Бір тұлға және оның аффилиирленген тұлғалары шығарған (ұсынған) ҚҚ-ға ЗА есебінен инвестициялардың жиынтық мөлшері СБ-ға берілген және қабылданған ЗА құнының **10 (он) пайызынан** аспауы тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігіндегі, бір-біріне қатысты үлестес тұлғалар шығарған (ұсынған) инвестициялардың жиынтық мөлшері бөлігінде белгіленген шектеулер, дауыс беретін акцияларының **50 (елу) пайызынан** астамы мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке тиесілі үлестес тұлғалар бір-біріне қатысты шығарған (ұсынған) ҚҚ-ға қатысты қолданылмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігіндегі, белгіленген нормалар мемлекеттік бағалы қағаздар мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне бағынышты ұйымдар шығарған қаржы құралдарына, сондай-ақ орталық контрагент қатысқан «кері репо» операциясының объектісі болып табылатын қаржы құралдарына қолданылмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігіндегі, белгіленген нормалар актив құрылымы MSCI ACWI Index (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Олл Кантри Ворлд Индекс) немесе Bloomberg Global-Aggregate Index (Блумберг Глобал-Агригейт Индекс) индекстерінің құрылымын қайталайтын, немесе пайларының бағасы аталған индекстерге байланған Exchange Traded Funds (Эксчейндж Трэддэд Фандс) пайларына қолданылмайды.

3.5. Эмитенттің бір шығарылымының борышқорлық БҚ-ға ЗА есебінен инвестициялардың жиынтық мөлшері осы эмитент шығарылымының орналастырылған борыштық БҚ-ның жалпы санының **50 (елу) пайызынан** кем болады.

3.6. ҚР ұйымы шығарған, соның ішінде депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акцияларға ЗА есебінен инвестициялардың жиынтық мөлшері осы эмитенттің дауыс беретін акцияларының жалпы санының **10 (он) пайызынан** кем болады.

3.7. Басқарушы компанияның сенімгерлік басқаруындағы клиенттердің активтері мен басқарушы компанияның меншікті активтерінің қаржы нарығындағы лицензиаттардың дауыс беретін акцияларына жасайтын инвестицияларының жиынтық көлемі оларды сатып алуға уәкілетті органның келісімін алуды талап ететін мөлшерден аз болуы тиіс.

3.8. СБ-ға берілген және қабылданған ЗА есебінен екінші ретті нарықтағы бағалы қағаздармен, сондай-ақ туынды ҚҚ мәмілелер төмендегі жағдайларды қоспағанда, тек қор биржасында жасалады:

- 1) эмитенттің инвестициялық портфельдегі облигацияларды акцияларға айырбастауы;
- 2) басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру;
- 3) эмитенттің инвестициялық портфельдегі акцияларды сатып алуы талаптары;
- 4) қор биржасы делистингке ұшыратқан бағалы қағаздарды өткізу;
- 5) эмитенттің бағалы қағаздары мен өзге де міндеттемелерін осы эмитенттің эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдау мақсатында шығарылған басқа бағалы қағаздарына айырбастау;
- 6) мәміле жасасу сәтінде қор биржасы олар бойынша сауда-саттықты ашпаған бағалы қағаздарды өткізу;
- 7) эмитенттің өз бағалы қағаздарын сатып алуды жүзеге асыруы;
- 8) халықаралық (шетелдік) нарықтарда халықаралық (шетелдік) қаржы нарықтарында саудаланып жатқан, ҚР резидент эмитенттері мен ҚР резидент емес эмитенттері шығарған (ұсынған) қаржы құралдарын сатып алу-сату жөнінде мәмілелер жасасу;
- 9) Астана" Халықаралық Қаржы Орталығы аумағында жұмыс істейтін қор биржасында мәмілелер жасасу;
- 10) ИД 3.11 және 3.12-тармақтарда көзделген талаптарды ескере отырып жасалған туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу.

3.9. Бағалы қағаздарды олар бірінші рет орналастырылған кезде сатып алу жөніндегі мәмілелерді қоспағанда, қор биржасында жасалатын бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері ашық сауда-саттық әдісімен жасалады.

3.10. СБ-ға берілген және қабылданған ЗА есебінен "кері репо" операциясы қор биржасында "автоматты" тәсілмен, 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге орталық контрагенттің қызметтерін қолдана отырып жүзеге асырылады

3.11. СБ-ға берілген және қабылданған ЗА есебінен мәмілелер, бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарықтарында қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысулар шетелдік есеп айырысу ұйымдары арқылы, мәміле тарапының қаржы құралдарын жеткізу бойынша міндеттемелерін орындауы өзге қаржы құралдарын алу жөніндегі оның қарсы талаптарын орындамастан мүмкін болмайтын "төлемге қарсы жеткізілім" қағидаты бойынша немесе орталық контрагенттің қызметтерін қолдана отырып жүзеге асырылады.

3.12. СБ-ға берілген және қабылданған ЗА есебінен туынды қаржы құралдарымен мәмілелер, аталмыш туынды қаржы құралдарының базалық активі ЗА құрамына кіріп, ИД 1-кестесінің талаптарына сәйкес келген жағдайда тек хеджирлеу мақсатында ғана жасалады.

3.13. ЗА-ны ҚР екінші деңгейлі банкіндегі депозиттерге (салымдарға) орналастыру мерзімі 36 (отыз алты) айдан, шетелдік банктерде -12 (он екі) айдан аспайды.

3.14-тармақ. Инвестициялық декларация «Сентрас Секьюритиз» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен өзгертілді (2026 жылғы 12 қаңтардағы №н/ж хаттама)

3.14. СБ-ға берілген және қабылданған ЗА есебінен ҚҚ-мен мәмілелер:

- 1) инвестициялық портфельді Басқарушы компанияның үлестес тұлғаларымен;
- 2) осы инвестициялық портфельді Басқарушы компанияның ірі акционерлеріне тиесілі, инвестициялық портфельді Басқарушы компанияның акцияларын сенімгерлік басқарушылармен;
- 3) инвестициялық портфельді Басқарушы компанияның ірі акционерлері шығарған акцияларды және (немесе) инвестициялық портфельді Басқарушы компанияның ірі акционерлерінің жарғылық капиталында қатысу үлестерін сенімгерлік басқарушылармен;
- 4) ИД-ның осы тармағының бірінші бөлігі 2) және 3)-тармақшаларында көрсетілген сенімгерлік басқарушылардың үлестес тұлғаларымен жасалмайды.

Ереженің осы тармағының бірінші бөлігінің талаптары ұйымдастырылған нарықта ашық сауда-саттық әдісімен жасалған мәмілелерге, сондай-ақ ИД-ның 3.8-тарманының 1), 2), 3), 4) және 5)-көзделген жағдайларға қолданылмайды.

Басқарушы компания СБ-ға берілген және қабылданған ЗА есебінен осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғалар шығарған (ұсынған) үлестік қаржы құралдарын, аталған үлестік қаржы құралдарына айырбасталатын борышқорлық қаржы құралдарын, сондай-ақ құрылымдық өнімдерді сатып алу жөніндегі шешімдерді қабылдамайды, KASE индексіне кіретін үлестік қаржы құралдарын қоспағанда.

Құрылымдық өнімдер дегенде оларды шығару шарттары осы қаржы құралдары бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары төлемдерінің оларды шығару шарттарында берілген көрсеткіштерге қол жеткізуге және (немесе) оқиғалардың туындауына тәуелділігін көздейтін қаржы құралдары ұғынылады.

3.15. Басқарушы компания Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры өзінің интернет-ресурсында жариялаған, ЗА есебінен Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерге сәйкес, инвестициялық портфельді басқаратын және ҚР Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ЗА есебінен жасалатын инвестициялардың жиынтық мөлшері сол эмитенттің дауыс беретін акцияларының жалпы санының **10 (он) пайызынан** асып кеткен жағдайда, ЗА есебінен ҚР ұйымы шығарған акцияларды, оның ішінде депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акцияларды сатып алу жөнінде шешімдер қабылдамайды.

3.16. Ашық валюталық позиция мен шығынның барынша жол берілетін мөлшері бойынша ең жоғары лимиттерді Басқарушы компанияның Инвестициялық комитеті белгілейді.

4-тарау. Қор активтерін хеджирлеу мен әртараптандырудың талаптары

4.1. Басқарушы компанияның НҚА-ға сәйкес, тәуекелдерді басқару жүйесімен және осы ИД-мен көзделген тәртіпте тәуекелдерді сақтандыру (хеджирлеу) мақсатында ғана хеджирлеу құралдарын пайдалануына жол беріледі.

4.2. Басқарушы компания ҚР заңнамасында тыйым салынбаған активтерді хеджирлеу мен әртараптандырудың кез келген түрін пайдаланады.

4.3. Басқарушы компанияның хеджирлеу құралдарын пайдалануы экономикалық мақсаттылығы болған жағдайда жүзеге асырылады.

4.4. Басқарушы компания хеджирлеу мақсатында келесідей туынды қаржы құралдарына инвестиция жасай алады:

- опцион - туынды қаржы құралы, оған сәйкес бір тарап (опционды сатушы) екінші тарапқа (опционды сатып алушы) болашақта, келісілген шарттарда келісілген бағамен базалық активті сатып алу немесе сату құқығын сатады. Опционды сатушы өзіне міндеттеме алады, ал сатып алушы құқыққа ие болады;
- своп - туынды қаржы құралы, оған сәйкес тараптар болашақта, келісілген шарттарда базалық активтер бойынша төлемдерді немесе базалық активтерді айырбастау жөнінде келісімге келеді;
- форвард - туынды қаржы құралы, оның сатып алушысы (немесе сатушы) белгілі бір мерзім өткеннен кейін болашақта, келісілген шарттарда базалық активті сатып алу (немесе сату) міндеттемесін өз мойнына алады;
- фьючерс - тек ұйымдастырылған нарықта айналымға түсетін туынды қаржы құралы, оның сатып алушысы (немесе сатушысы) белгілі бір мерзім өткеннен кейін ұйымдастырылған нарықта белгіленген стандартты шарттарға сәйкес базалық активті сатып алу (немесе сату) міндеттемесін өз мойнына алады.

5-тарау. ИД айқындаған объектілерге инвестициялаумен байланысты тәуекелдердің сипаттамасы

5.1. СБ-ға берілген және қабылданған ЗА-ны қаржы құралдарына инвестициялау белгілі бір тәуекелдермен байланысты, ол тәуекелдер мыналарды қамтиды, бірақ онымен шектелмейді:

- саяси жағдайдың, экспроприациялаудың, ұлттандырудың өзгеруі, айрықша мемлекеттік мүдделер саласы болып табылатын экономика салаларына инвестицияны шектеуге бағытталған саясаттың жүргізілуі ықтималдылығымен, сондай-ақ энергия ресурстарына бағаның төмендеуімен және басқа да мән-жайлармен байланысты саяси және экономикалық тәуекелдер;
- көптеген қаржы институттарының өз міндеттемелерін орындауға қабілетсіз болуымен байланысты жүйелік тәуекелдер;
- валюта бағамдарының, пайыздық мөлшерлемелердің ауытқуларымен байланысты нарықтық тәуекелдер, қаржы құралдары бағасының өзгеруіне байланысты шығындану тәуекелдері;
- мәмілелер бойынша контрагенттер мен бағалы қағаздар эмитенттерінің тарапынан өздеріне қабылдаған міндеттемелерді орындамауы ықтималдылығымен байланысты кредиттік тәуекелдер;
- активтерді қолайлы бағамен өткізудің әлеуетті мүмкін еместігімен байланысты нарықтық өтімділік тәуекелі;
- қолданыстағы заңнаманың өзгеруімен, сондай-ақ заңдардың және қор нарығындағы қатынастарды реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілердің жетілдірілмеуімен байланысты тәуекелдер;
- табиғи катаклизмдер және әскери іс-қимылдар секілді форс-мажор жағдайларының туындауы тәуекелдері.

5.2. Басқарушы компания СБ-ға берілген және қабылданған ЗА-ны және өз активтерін басқару жөніндегі операцияларды жүзеге асыру барысында Басқарушы компанияның қызметін реттейтін Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатты басшылыққа алады. Ішкі құжаттарға сәйкес, Басқарушы компания СБ-ға берілген және қабылданған ЗА-ны басқару жөніндегі қызметпен байланысты тәуекелдерді азайту бойынша шаралар қабылдайды және Басқарушы компания бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру процесінде туындайтын тәуекелдерді басқару жөніндегі өзара байланысты шаралар кешенін айқындайды.

6-тарау. СБ-ға берілген және қабылданған ЗА-ны есепке алу және құнын айқындау тәртібі

6.1. СБ-ға берілген және қабылданған ЗА-ны есепке алу және Басқарушы компания СБ-ға берілген және қабылданған зейнетақы активтерін соларға инвестициялайтын қаржы құралдарын бағалау заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

6.2. ЗА-ны сенімгерлік басқару туралы шарт бойынша Басқарушы компанияға берілген ЗА есебінен қалыптасқан инвестициялық портфельді құрайтын активтерді есепке алу мен сақтауды кастодиан Басқарушы компанияның, кастодиан және Қор арасында жасалған кастодиандық шарттың (әрі қарай – үш жақтылы кастодиандық шарт) негізінде жүзеге асырады.

6.3. Басқарушы компания өзінің ішкі есепке алу жүйесінің деректерін үш жақтылы кастодиандық шартта белгіленген тәртіппен, мерзімде және кезеңділікпен Басқарушы компанияға ЗА-ны сенімгерлік басқару туралы шарт бойынша берілген ЗА-ны есепке алу мен сақтауды жүзеге асыратын кастодианның және Қордың деректеріне сәйкес келуін салыстырып тексеруді жүргізеді.

7-тарау. Шығындар мен сыйақылар

7.1. Басқарушы компанияның комиссиялық сыйақысы ЗА-ны сенімгерлік басқару туралы шартта айқындалған тәртіппен есептеледі және төленеді.

7.2. Кастодианға комиссиялық сыйақы үш жақтылы кастодиандық шартта айқындалған тәртіпшен есептеледі және төленеді.

7.3. СБ-ға берілген және қабылданған ЗА ЗА-ны сенімгерлік басқарумен байланысты шығындар Басқарушы компанияға ЗА-ны сенімгерлік басқару туралы шарт бойынша берілген ЗА есебінен өтеледі.